БЕКІТЕМІН
«Сәтті Жұлдыз» АҚ президенті
_____ Лыткина М.В.
«__» _____ 2025 ж.

«ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» мезеттік лотереясын өткізу шарттары

Мазмұны

1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР 3
2. ЛОТЕРЕЯ ОПЕРАТОРЫ 4
3. ЛОТЕРЕЯНЫ ӨТКІЗУ ТӘСІЛІ, АУМАҒЫ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ, СОНЫМЕН ҚАТАР ЖҮЛДЕ ҚОРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘСІЛІФОНДА 4
4. ЛОТЕРЕЯНЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ 4
5. ЛОТЕРЕЯ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ЖӘНЕ ШАРТ ЖАСАСУ 4-5
6. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЛОТЕРЕЯ БИЛЕТТЕРІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ 5-6
7. ЛОТЕРЕЯНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ 6
8. ЛОТЕРЕЯНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ 6
9. ЛОТЕРЕЯҒА ҚАТЫСУШЫСЫ МЕН ЛОТЕРЕЯ ОПЕРАТОРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ 6-7
10. ҰТЫСТЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ 7-8
11. ЛОТЕРЕЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЛОТЕРЕЯ ҚАТЫСУШЫЛАРЫН ХАБАРДАР ЕТУ ТӘРТІБІ 8
11. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЛОТЕРЕЯ БИЛЕТІНІҢ ҚҰНЫ 8
12. ЛОТЕРЕЯға ҚАТЫСУШЫНЫҢ, ЖЕҢІМПАЗ ДЕП ТАНЫЛҒАН, ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРІН ЖИНАУҒА ЖӘНЕ ӨҢДЕУГЕ КЕЛІСІМІН БЕРУ ТӘРТІБІ 9
13. №1 ҚОСЫМША 10-17
14. №2 ҚОСЫМША 18-19

1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

1.1. **«ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» мезеттік лотереясы** - ұтыстарды анықтауға мүмкіндік беретін нышандар (жазбалар, сандар, белгілер, суреттер) жиынтығы электрондық лотерея билеттеріне дайындау сатысында және олар лотереяға қатысушылар арасында таратылғанға (өткізілгенге) дейін салынатын лотерея түрі. Мезеттік лотереяны өткізу кезінде мұндай лотереяға қатысушы электрондық лотерея билеті ақысы төленгеннен кейін және лотерея билеті, электрондық лотерея билеті берілгеннен (ресімделгеннен) кейін тікелей өз ұтысының бар екенін және мөлшерін немесе оның жоқ екенін анықтайды;

1.2. **Лотерея** - осы Заңға, лотереяны өткізу талаптарына және шарттарына сәйкес өткізілетін, егер ол лотереяны өткізу шарттарына сәйкес ұтқан деп танылатын болса, бір тарап (лотерея операторы) жүлде қорының ұтыс ойынын өткізетін, ал екінші тарап (лотереяға қатысушы) ұтысқа құқық алатын ойын. Коммерциялық ұйымдардың тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) сатуын ынталандыруға бағытталған жүлделердің ұтыс ойыны лотерея болып табылмайды;

1.3. **Лотереяны өткізу** - лотерея билеттерін, электрондық лотерея билеттерін дайындау не оларды дайындауға арналған шарттарды жасасу, сондай-ақ лотереялық жабдықты және лотереяны өткізу үшін қажетті өзге де жабдықты, бағдарламалық өнімдерді дайындаушымен шарттарды және (немесе) лотереяны өткізу үшін қажетті өзге де шарттарды (келісімшарттарды) жасасуды, лотерея билеттерін, электрондық лотерея билеттерін таратуды (өткізуді) және есепке алуды, жүлде қорының ұтысын ойнатуды, ұтыс шыққан лотерея билеттеріне, электрондық лотерея билеттеріне сараптама жасауды, лотереяға қатысушыларға ұтыстарды төлеуді, лотереяны өткізу үшін қажетті өзге де іс-қимыл мен іс-шараларды жүзеге асыруды қамтитын іс-шараларды жүзеге асыру;

1.4. **Электрондық лотерея билеті** - лотереяға қатысу құқығын растайтын электрондық-цифрлық нысандағы құжат.

1.5. **Лотереяға қатысушы** - жүлде қорының ұтыс ойынына қатысу құқығын беретін электрондық лотерея билетін иеленген, он сегіз жасқа толған жеке тұлға;

1.6. **Лотерея операторы** - лотерея өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

1.7. **Ұтыс** - лотерея операторы лотереяны өткізу шарттарына сәйкес жеңімпаз деп танылған лотереяға қатысушыға лотереяны өткізу шарттарына сәйкес мөлшермен және нысанда (ақшамен немесе заттай) төлейтін жүлде қорының бір бөлігі;

1.8. **Жүлде қоры** - электрондық лотерея билеттерін тарату (өткізу) есебінен не лотерея операторының дербес қаражаты есебінен қалыптастырылатын және лотереяға қатысушыларға ұтыс түрінде төленетін ақша және (немесе) өзге де мүлік;

1.9. **Жүлде қорының ұтыс ойыны** - электрондық лотерея билеттері таратылғаннан (өткізілгеннен) кейін жүргізілетін және ұтқан лотереяға қатысушыны (қатысушыларды) анықтауға бағытталған процесс;

1.10. **Лотереялық ақпаратты өңдеу орталығы** - байланыс желілеріне қосылған және таратылған (өткізілген) лотерея билеттері, электрондық лотерея билеттері, өткізілген лотерея билеттерінен, электрондық лотерея билеттерінен түскен түсім, төленген ұтыстар туралы ақпаратты алуға, сақтауға және есепке алуға және оны лотерея операторынан лотереялық есептілік орталығына беруге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

1.12. **Лотерея сессиясы** - қатысушы кез келген түрдегі және сандағы электрондық лотерея билеттерін сатып алып, ұтыс нәтижелерін, оның ішінде ұтыстың бар-жоғы және мөлшері туралы ақпаратты алатын кезең.

2. ЛОТЕРЕЯ ОПЕРАТОРЫ

2.1 «Сәтті Жұлдыз» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 10 ақпандағы № 48 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында лотерея операторы болып табылады.

2.2 Лотерея операторының заңды мекенжайы мен реквизиттері:
050002, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Жетісу ауданы, Жібек Жолы даңғылы, 50 үй, 2 корпус,
БСН 160440002507,
ЖСК KZ866010131000305888 (KZT)
«Қазақстан Халық банкі» АҚ-да,
БСК HSBKKZKX; Кбе 17.

3. ЛОТЕРЕЯНЫ ӨТКІЗУ ТӘСІЛІ, АУМАҒЫ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ, СОНЫМЕН ҚАТАР ЖҮЛДЕ ҚОРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘСІЛІ

3.1 «ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» мезеттік лотереясы электрондық мезеттік лотереялар түріне жатады

3.2 Өткізілу аумағы: лотерея Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өткізіледі.

3.3 Өткізілу технологиясы: лотерея онлайн режимде өткізіледі.

3.4 Жүлде қоры лотерея операторының жеке қаражаты есебінен қалыптастырылады.

4. ЛОТЕРЕЯНЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ

4.1 «ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» мезеттік лотереясын өткізудің басталу күні – 2025 жылғы тамыз.

4.2 «ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» мезеттік лотереясын өткізу мерзімі – лотерея операторы лотереяны жабу туралы шешім қабылдағанға дейін шексіз.

5. ЛОТЕРЕЯ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ЖӘНЕ ШАРТ ЖАСАСУ

5.1 «ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» мезеттік лотереясы лотерея операторы мен лотереяға қатысушы арасында жасалған лотереяға қатысу туралы шартқа және осы Шарттарға сәйкес өткізіледі.

5.2 «ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» мезеттік лотереясында лотереяға қатысушы сатып алған және ашқан электрондық лотерея билетінде ұтыстың бар немесе жоқ екендігі, сондай-ақ лотереяға қатысушы сатып алған және ашқан электрондық лотерея билетінде ұтыс болған жағдайда оның мөлшері анықталады.

5.3 Лотереяға қатысушы тиісті ойынды таңдау арқылы өзі қатысатын лотерея ойынын өз бетінше таңдайды. Лотереяға қатысушы электрондық лотерея билетінің бағасын (лотерея операторы белгілеген бағалардан) және оны ашу режимін (лотереяға қатысушы таңдаған нақты мезеттік лотерея ойынында электрондық лотерея билеттерін ашудың бірнеше режимі болған жағдайда) таңдайды және электрондық лотерея билетін төлеу арқылы лотереяға қатысуын растайды.

5.4 Ұтысты анықтау лотереяға қатысушының электрондық лотерея билетін сатып алғаннан және ашқаннан кейін бірден онда ұтыстың бар-жоғын анықтау қағидатына негізделген. Ұтыстарды анықтау алгоритмі осы Лотереяны өткізу шарттарына №1 Қосымшада көрсетілген.

5.5 «ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» мезеттік лотереясына қатысу ерікті болып табылады. «ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» лотереясына ерікті түрде қатыса отырып, лотереяға қатысушы осы Шарттармен танысқанын және

келісетінін растайды. Осы Шарттар лотерея операторының ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

5.6 Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 913-бабы мен «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес, лотерея операторы мен қатысушы арасындағы шарт, қатысушы электрондық лотерея билетінің құнын төлеп, билет осы Шарттарда көзделген тәртіппен ресімделген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

6. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЛОТЕРЕЯ БИЛЕТТЕРІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Электрондық лотерея билеттерін дайындау:

6.1.1. Әрбір электрондық лотерея билеті – дайындау кезеңінде кездейсоқ тәртіппен енгізілетін ұтыстың бар-жоғы туралы ақпаратты қамтитын файл. Әрбір электрондық билетте лотереяға қатысушы ұтыстың бар-жоғын анықтау үшін қажетті айнымалы деректер, ұтыс мөлшері туралы ақпарат (бар болған жағдайда), лотерея операторының атауы, электрондық лотерея билетінің нөмірі, электрондық лотерея билетінің бағасы және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес электрондық лотерея билетіне енгізілуге тиіс басқа да мәліметтер болады.

6.1.2. Электрондық лотерея билеттері қауіпсіздік периметрі ішінде жабық криптоконтейнерде, базаның тұтастығын тексеру арқылы, электрондық лотерея билеттерін дайындау басталғанға дейін енгізілген бастапқы деректер, атап айтқанда: электрондық лотерея билеттерінің саны, электрондық лотерея билеттерінің бағасы, жүлде қорының пайыздық көрінісі, ұтыстар мөлшері және жүлде қорының құрылымы негізінде дайындалады;

6.1.3. Жүлде қорын бөлу электрондық лотерея билеттерін дайындау кезінде ұтыстар мөлшерін және жүлде қорының құрылымындағы мұндай билеттер санын ескере отырып жүзеге асырылады. Бөлу кездейсоқ тәртіппен, толық көлемде, жасырын мүмкіндіктердің және (немесе) ойын нәтижесін алдын ала анықтауға мүмкіндік беретін процедуралар мен алгоритмдердің болмауын қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылады.

6.2 Электрондық лотерея билеттерін сақтау:

6.2.1. Электрондық лотерея билеттері арнайы шифрланған дерекқордағы бөлінген серверде тұтастығын тексерумен, сырттан осы серверде жұмыс істейтін қосымшаға әсер етуді болдырмайтын, сондай-ақ электрондық билеттерді ұрлаудан немесе бұрмалаудан қорғайтын Cisco ASA желіаралық экраны арқылы жүзеге асырылатын қауіпсіздік периметрін қамтамасыз етумен сақталады.

6.2.2. Кез келген тұлғалардың сервер жабдығында сақталатын электрондық лотерея билеттеріне рұқсатсыз кіру әрекеті жасалған жағдайда, қорғаныс жүйесі шифрлау модулін автоматты түрде өшіреді, бұл билеттердің нәтижелерін анықтау мүмкіндігін жояды, сондай-ақ оларды сақтау орнына кіруге рұқсат етілген жағдайда электрондық лотерея билеттеріне қатысты кез келген заңсыз әрекеттерді жасау мүмкіндігін жояды.

6.2.3. Аппараттық-бағдарламалық кешеннің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында электрондық лотерея билеттерін сақтау үшін пайдаланылатын сервер жабдығын резервтік электрмен жабдықтау және берілетін ақпаратты криптографиялық қорғауы бар байланыс арналарымен қамтамасыз ету шаралары көзделеді.

6.3 Электрондық лотерея билеттерін тарату (өткізу):

6.3.1. Электрондық лотерея билеттерін тарату (өткізу) лотереяға қатысушыларға байланыс арналарын пайдалана отырып, электрондық мезеттік лотерея билеттерін көрсету арқылы жүзеге асырылады;

6.3.2. Электрондық лотерея билеттерін тарату (өткізу), сондай-ақ оларға дайындау кезеңінде

енгізілген ақпаратты аппараттық-бағдарламалық кешеннен тыс жерде ашуға, дәл осылай лотереяны өткізудің осы Шарттарында сипатталған электрондық лотерея билеттерін тарату (өткізу) алгоритмін сақтамастан ашуға тыйым салынады;

6.3.3. Лотерея ақпаратын өңдеу орталығы таратылған электрондық лотерея билеттері туралы ақпаратты есепке алуды және сақтауды жүзеге асырады, таңдалған кезең үшін берілген параметрлер бойынша есептерді қалыптастыру функциясымен, ақпаратты лотереялық есептілік орталығына одан әрі берумен;

6.3.4. Аппараттық-бағдарламалық кешеннің жұмыс істеуі берілетін және сақталатын ақпаратты криптографиялық қорғауды қамтамасыз ететін жоғары жылдамдықты деректер беру байланыс арналарының болуын міндеттейді. Бұл электрондық лотерея билеттерін тарату (өткізу) тәсілімен, сондай-ақ таратылған (өткізілген) барлық электрондық лотерея билеттерін міндетті түрде есепке алу қажеттілігімен байланысты.

6.3.5. Электрондық лотерея билеттерін тарату (өткізу) келесі негізгі кезеңдері бар алгоритм бойынша жүзеге асырылады:

- лотереяға қатысушының құқықтық мәртебесін алу ниеті бар тұлғаның лотереяны өткізу шарттарымен танысуы;
- лотереяға қатысушының электрондық лотерея билеттерін сатып алуы.

6.3.6. Лотереяға қатысушының құқықтық мәртебесін алу ниеті бар тұлғаға лотерея операторының интернет-ресурсында осындай тұлғаның көрсетілген құқықтық мәртебесін алуға бағытталған кез келген әрекеттерді жасамас бұрын лотереяны өткізу шарттарымен танысу мүмкіндігі беріледі.

7. ЛОТЕРЕЯНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

7.1. Мезеттік лотереяның жүлде қорын лотереяға қатысушылар ұтыстарды төлеу жөніндегі міндеттемелерден басқа кез келген міндеттемелермен ауырлатуға, сондай-ақ «ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» мезеттік лотереясының жүлде қоры қаражатын ұтыстарды төлеуден басқа мақсаттарға пайдалануға тыйым салынады.

7.2. «ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» мезеттік лотереясының жүлде қоры 80% құрайды. Жеке лотереялық мезеттік ойындар үшін ұтыс санаттары бойынша бөлу №1 Қосымшада көрсетілген.

8. ЛОТЕРЕЯНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

8.1. «ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» мезеттік лотереясы мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету, лотерея ақпаратын өңдеу орталығы және лотереялық есептілік орталығынан (бұдан әрі – Жүйе) тұратын аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы өткізіледі. Жүйенің құрауыштары жоғалудан, ұрлаудан, бұрмалаудан, жалғандықтан, рұқсатсыз кіруден және оны тарату, бұғаттау, жою, өзгерту, көшіру және басқа да заңсыз әрекеттерден қорғалған байланыс желілерімен байланыстырылады.

8.2. Жүйе қабылданған электрондық лотерея билеттерін тіркеуді, таратылған электрондық мезеттік лотерея билеттері, тіркелген билеттер, өткізілген электрондық мезеттік лотерея билеттерінен түскен түсім, төленген ұтыстар туралы ақпаратты алуды, сақтауды және есепке алуды, сондай-ақ оны лотерея операторынан лотереялық есептілік орталығына беруді қамтамасыз етеді.

9. ЛОТЕРЕЯҒА ҚАТЫСУШЫСЫ МЕН ЛОТЕРЕЯ ОПЕРАТОРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. «ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» мезеттік лотереясына қатысу Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

9.2. Лотереяға қатысушының құқықтары мен міндеттері:

a) Лотереяға қатысушы лотерея операторы өзінің интернет-ресурсында, лотереяға қатысуға арналған жабдықтың пайдаланушы интерфейсінде орналастыратын «ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» мезеттік лотереясы туралы ақпаратты алуға, сондай-ақ оны басқа тәсілмен алуға құқылы.

b) Лотереяға қатысушы билетті төлеген сәттен бастап «ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» мезеттік лотереясына қатысуға құқылы.

c) Лотереяға қатысушы осы Шарттарға сәйкес ұтысты төлеуді талап етуге құқылы.

d) Лотереяға қатысушы лотерея операторының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) сотта шағымдануға құқылы.

9.3. Лотерея операторының құқықтары мен міндеттері:

a) Лотерея операторы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, егер оның жазбаша келісімі алынған болса, ұтысқа ие болған лотереяға қатысушы туралы мәліметтерді жариялауға құқылы.

b) Лотерея операторы мәртебесінен айырылған жағдайда, лотерея операторы электрондық лотерея билеттерін таратуды (өткізуді) тоқтатуға, бұл туралы лотереяға қатысушыларды мерзімді баспасөз басылымдары және лотерея операторының интернет-ресурсында хабардар етуге, үш ай ішінде «ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» мезеттік лотереясы бойынша ұтыстарды төлеуге міндетті.

10. ҰТЫСТЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

10.1. Лотереяға қатысушы тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және осындай ұтыстар есептелген күні қолданыстағы айлық есептік көрсеткіштің 6 еселік мөлшеріне дейінгі ұтысты (бұдан әрі – «АЕК») жеке табыс салығын (бұдан әрі – ЖТС) ұстамай алады.

10.2. АЕК 6 еселік мөлшерінен асатын ұтыстар ЖТС-мен салық салынады. Табыс салығын төлеу ұтысты алған кезде қолданыстағы «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес лотереяға қатысушының ұтыс сомасынан салық сомасын ұстап қалу түрінде жүзеге асырылады.

Ерекше шарттар:

a) ұтыс тек ұлттық валютада (теңгеде) төленеді;

b) АЕК 6 еселік мөлшеріне дейінгі ұтыс қатысушының жеке әмиянына ақша қаражатын банк карталарына немесе Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген басқа төлем жүйесіне шығару мүмкіндігімен төленеді. 6 еселік АЕК дейінгі электрондық лотерея билеттері бойынша ұтыстарды төлеуді лотерея операторы жүзеге асырады, ұтыс анықталған сәттен бастап отыз күндік мерзімнен кешіктірілмей басталады және ұтыс анықталған сәттен бастап кемінде алты айға созылады.

c) 6 (алты) АЕК-тен бастап ұтыс ЖТС ұстап қалу үшін барлық қажетті деректерді ұсынғаннан кейін қатысушының жеке әмиянына ақша қаражатын банк карталарына немесе Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген басқа төлем жүйесіне шығару мүмкіндігімен төленеді. 6 еселік АЕК-тен асатын электрондық лотерея билеттері бойынша ұтыстарды төлеуді лотерея операторы жүзеге асырады, ұтыс анықталған сәттен бастап отыз күндік мерзімнен кешіктірілмей басталады және ұтыс анықталған сәттен бастап кемінде алты айға созылады.

d) Лотерея операторы алаяқтық әрекеттер мен/немесе құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында, ұтыс мөлшері Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 08 ақпандағы №45 «Лотереяларды өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 190 еселік мөлшеріндегі шектен аспаған жағдайларды қоса алғанда, өз қалауы бойынша электрондық лотерея билетіне сараптама жүргізуге құқылы.

e) Электрондық лотерея билетіне сараптама жеңімпаз туралы деректерді алғаннан кейін, атап айтқанда: «Сәтті Жұлдыз» АҚ президентінің ішкі бұйрығымен бекітілген, жеке куәліктен алынған жеке деректер мен банк реквизиттері, ЖТС және ұтыс мөлшері, жеке деректерді өңдеуге келісім,

сондай-ақ ұтыс билетіне сараптама жүргізу туралы өтініш көрсетілген өтінім нысанын алғаннан кейін жүргізіледі.

Өтінімді алғаннан кейін ұтыс билетінің нөмірі және лотерея операторының ресми сайтында тіркелген лотереяға қатысушының телефон нөмірі бойынша лотерея ақпаратын өңдеу орталығындағы деректермен салыстыру жүргізіледі. Электрондық лотерея билетіне сараптама жүргізу мерзімі лотерея операторы жеңімпаздан белгіленген нысандағы толтырылған өтінімді алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

f) Сараптамадан өткен және оң нәтиже алған электрондық лотерея билеттері бойынша ұтыстарды төлеуді лотерея операторы жеңімпаз лотерея операторы бекіткен белгіленген нысандағы толтырылған өтінімді ұсынған сәттен бастап отыз күндік мерзім ішінде жүзеге асырады. Төлем тек төлем және электрондық лотерея билетіне сараптама жүргізу үшін қажетті барлық реквизиттерді ұсынғаннан кейін банк шотына қолма-қол ақшасыз тәсілмен жүргізіледі. Сараптама нәтижесінде теріс нәтиже алған электрондық лотерея билеттері бойынша ұтыстар берілмейді және төленбейді.

10.3. Ұтыстарды алу мерзімі ұтыс анықталған күннен бастап 6 (алты) айды құрайды. Белгіленген мерзімде алынбаған ұтыстар лотерея операторында нәтижелер жарияланған сәттен бастап 3 (үш) жыл бойы сақталады, содан кейін мемлекеттік бюджет кірісіне салықтық емес төлем ретінде аударылады.

10.4. Ұтыстарды лотерея операторы төлейді.

10.5. Ұтыстар тек қана ақшалай нысанда, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен және бір ұтыс билеті бойынша тек бір рет төленеді.

10.6. Ұтыстар лотереяға қатысу үшін тіркелу кезінде өз деректерін көрсеткен тұлғаға төленеді.

10.7. Ұтыстарға салық салу Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

10.8. АЕК 6 еселік мөлшерінен асатын ұтыстарды төлеу процесі Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы лотереяны өткізу шарттарының талаптарына сәйкес құжатпен ресімделуі тиіс.

10.9. Лотереяға қатысушының АЕК 6 еселік мөлшерінен асатын ұтысты төлеу процесін құжатпен ресімдеуден бас тартуы және (немесе) жалтарқауы, сондай-ақ лотереяға қатысушының ресімдейтін тұлғаға қажетті және тиісті құжаттар мен ақпаратты ұсынудан бас тартуы және (немесе) жалтарқауы лотереяға қатысушының ұтысты алудан бас тартуы деп танылады.

11. ЛОТЕРЕЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЛОТЕРЕЯ ҚАТЫСУШЫЛАРЫН ХАБАРДАР ЕТУ ТӘРТІБІ

11.1. Лотереяға қатысу шарттары туралы хабардар ету Лотерея операторы тарапынан тиісті ақпаратты Лотерея операторының интернет-ресурсында орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Мезеттік лотереяда лотерея қатысушысы электрондық лотерея билетін төлегеннен және алғаннан кейін бірден ұтыстың бар-жоғын және мөлшерін анықтап, қатысу нәтижесін өзі анықтайды. Мезеттік лотереяның жүлде қорын ойнату лотерея қатысушысының электрондық лотерея билетінде оны жасау кезеңінде енгізілген жасырын лотерея комбинациясын анықтауынан және лотерея қатысушысы анықтаған ақпаратты лотереяны өткізу шарттарымен салыстырудан тұрады.

11.ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЛОТЕРЕЯ БИЛЕТІНІҢ ҚҰНЫ

12.1. Электрондық лотерея билеттерінің құны осы өткізу шарттарының ажырамас бөлігі болып табылатын №1 қосымшада көрсетілген.

12. ЛОТЕРЕЯҒА ҚАТЫСУШЫНЫҢ, ЖЕҢІМПАЗ ДЕП ТАНЫЛҒАН, ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРІН ЖИНАУҒА ЖӘНЕ ӨҢДЕУГЕ КЕЛІСІМІН БЕРУ ТӘРТІБІ

13.1. Лотереяға қатыса отырып, лотереяға қатысушы жеке деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға өз келісімін береді, Қазақстан Республикасының «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңына сәйкес лотерея операторына, сондай-ақ онымен уәкілеттік берілген немесе байланысты кез келген тұлғаларға, оның ішінде лотерея таратушыларына.

13.2. Жеке деректер болып табылады: ТАӘ, ЖСН, жеке куәліктің көшірмесі, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, қолы, байланыс телефондары, ұтыс алған деп танылған лотереяға қатысушының банктік шот реквизиттері.

13.3. Оператор бұқаралық ақпарат құралдарында және/немесе интернет желісінде, оның ішінде лотерея операторының интернет-ресурсында ұтыс алған лотереяға қатысушы туралы мәліметтерді тек ұтыс алған деп танылған лотереяға қатысушының жазбаша келісімімен ғана жариялауға құқылы, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

13.4. Лотерея қатысушысы өз қалауы бойынша Лотерея операторы ұйымдастырған медиа-іс-шараларға (мысалы, сұхбат, фото және бейне түсірілім, бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жарияланымдар) қатыса алады, бірақ қатысуға міндетті емес. Медиа-іс-шараларға қатысуға келісім берген жағдайда, лотерея қатысушысына осы Шарттарға 2-қосымшаға сәйкес медиа-іс-шараларды өткізу туралы жеке шарт жасау ұсынылады. Медиа-іс-шараларға қатысудан бас тарту қатысушының ұтысты алу құқығына әсер етпейді.

Қосымша №1

«ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» МЕЗЕТТІК ЛОТЕРЕЯСЫНЫҢ ОЙЫН МЕХАНИКАСЫ, ЖҮЛДЕ ҚОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҰТЫС ОЙНАТУ ТӘРТІБІ

Ойын алгоритмі және ұтыс ойнату тәртібі

1. Электрондық лотерея билетіндегі ұтыстың бар-жоғын анықтау жасырын жазуларды, суреттерді немесе белгілерді анықтаудан және анықталған ақпаратты осы Шарттармен салыстырудан тұрады.
2. Негізгі ойын. «ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» ойынының экранында лотереяға қатысушының таңдауы бойынша 1-ден 9-ға дейінгі электрондық лотерея билеттері орналастырылады. «Билетті ашу» батырмасын басу арқылы билеттер ашылады. Егер билеттердің кез келгені ұтысты болса, онда билетте ұтыс сомасы көрсетілген тиісті жазу пайда болады.
3. Лотерея шарттарымен танысып, электрондық лотерея билетін сатып алғаннан кейін, лотереяға қатысушы жасырын жазуларды, сандарды, белгілерді, суреттерді анықтайды. Электрондық лотерея билеттерін ашу процесі анимациямен қатар жүреді, оның барысында экранда бес тік өрісте орналасқан таңбалар көрсетіледі. Анимация аяқталғанда әрбір тік өрістегі таңбалар бір деңгейде орналасқан таңбалардың көлденең сызықтарын құрайтындай етіп орналасады. Егер электрондық лотерея билетінде осы Шарттарға сәйкес ұтыс сомасы анықталса, лотереяға қатысушы ұтысты алу үшін лотерея операторына немесе ол уәкілеттік берген тұлғаға жүгіне алады.

ЛОТЕРЕЯНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

4.1. Лотереяның жүлде қоры ұтыстарға келесі қағидаттар негізінде бөлінеді:

а) барлық жүлде қоры ұтыстарға бөлінуі тиіс;
б) әріптер, сандар, белгілер, суреттер жиынтығымен анықталатын ұтыс туралы ақпарат билетке оны дайындау кезінде жазылады.

4.2. «ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» лотереясының жүлде қоры таралымның 80%-ын құрайды.

4.3. Жүлде қорын бөлудің жоспарланған құрылымы әр серия үшін таралымға есептеледі, билет бағасы 10, 25, 50, 100, 250, 500, 1000 теңге және кестеде көрсетілген.

4.4. Лотереяға қатысушы сатып алған электрондық лотерея билетінде ұтыстың бар-жоғы және оның мөлшері туралы ақпарат, егер ұтыс бар болса, пайдаланушы интерфейсінде түсінікті түрде сандық белгі түрінде, лотереяға қатысушы сатып алған нақты электрондық лотерея билетіндегі ұтыс мөлшеріне тең болып шығарылады. Пайдаланушы интерфейсінде шығарылатын ұтыс мөлшерінің сандық белгіленуі Қазақстан Рéспубликасының ұлттық валютасы – теңгедегі ақша сомасына тең. Пайдаланушы интерфейсіндегі сандық белгі «100» форматында шығарылуы мүмкін, мұндағы ұтыс мөлшері осы ұтыс мөлшерін белгілеу форматында көрсетілген сан болып табылады. Көрсетілген шарттар пайдаланушы интерфейсінде көрсетілетін лотереяға қатысушының есептік жазбасындағы қалдыққа, электрондық лотерея билетінің бағасына да қолданылады.

«ЗАВСЕГДАТАЙ V.2» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЛОТЕРЕЯ БИЛЕТТЕРІНІҢ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ЖҮЛДЕ ҚОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ:

1 - Серия

Билет құны,KZT	10
Шығарылған билеттер саны	10 000 000 000
Шығарылған билеттердің құны, KZT	100 000 000 000
ЖҚ, %	80
ЖҚ мөлшері, KZT	80 000 000 000

Номинал выигрыша, KZT	Кол-во выигрышей	Призовой фонд, KZT	ПФ, % от выручки
10	272 482 000	2 724 820 000	2,72482
20	250 000 000	5 000 000 000	5,00000
30	220 000 000	6 600 000 000	6,60000
40	120 000 000	4 800 000 000	4,80000
60	40 000 000	2 400 000 000	2,40000
100	3 000 000	300 000 000	0,30000
150	1 500 000	225 000 000	0,22500
250	6 000 000	1 500 000 000	1,50000
300	1 500 000	450 000 000	0,45000
500	4 000 000	2 000 000 000	2,00000
800	1 000 000	800 000 000	0,80000
1 000	2 500 000	2 500 000 000	2,50000
1 200	10 000 000	12 000 000 000	12,00000
1 600	4 000 000	6 400 000 000	6,40000
2 000	2 000 000	4 000 000 000	4,00000
2 400	4 000 000	9 600 000 000	9,60000
3 000	5 400 000	16 200 000 000	16,20000
5 000	500 000	2 500 000 000	2,50000
10 000	2	20 000	0,00002
30 000	2	60 000	0,00006
50 000	2	100 000	0,00010
БАРЛЫҒЫ	**947 882 006**	**80 000 000 000**	

2 - Серия

Билет құны,KZT	25
Шығарылған билеттер саны	10 000 000 000
Шығарылған билеттердің құны, KZT	250 000 000 000
ЖҚ, %	80
ЖҚ мөлшері, KZT	200 000 000 000

Номинал выигрыша, KZT	Кол-во выигрышей	Призовой фонд, KZT	ПФ, % от выручки
25	272 482 000	6 812 050 000	2,72482
50	250 000 000	12 500 000 000	5,00000
75	220 000 000	16 500 000 000	6,60000
100	120 000 000	12 000 000 000	4,80000
150	40 000 000	6 000 000 000	2,40000
250	3 000 000	750 000 000	0,30000
375	1 500 000	562 500 000	0,22500
625	6 000 000	3 750 000 000	1,50000
750	1 500 000	1 125 000 000	0,45000
1 250	4 000 000	5 000 000 000	2,00000
2 000	1 000 000	2 000 000 000	0,80000
2 500	2 500 000	6 250 000 000	2,50000
3 000	10 000 000	30 000 000 000	12,00000
4 000	4 000 000	16 000 000 000	6,40000
5 000	2 000 000	10 000 000 000	4,00000
6 000	4 000 000	24 000 000 000	9,60000
7 500	5 400 000	40 500 000 000	16,20000
12 500	500 000	6 250 000 000	2,50000
25 000	2	50 000	0,00002
75 000	2	150 000	0,00006
125 000	2	250 000	0,00010
БАРЛЫҒЫ	**947 882 006**	**200 000 000 000**	

3 - Серия

Билет құны,KZT	50
Шығарылған билеттер саны	10 000 000 000
Шығарылған билеттердің құны, KZT	500 000 000 000
ЖҚ, %	80
ЖҚ мөлшері, KZT	400 000 000 000

Номинал выигрыша, KZT	Кол-во выигрышей	Призовой фонд, KZT	ПФ, % от выручки
50	272 482 000	13 624 100 000	2,72482
100	250 000 000	25 000 000 000	5,00000
150	220 000 000	33 000 000 000	6,60000
200	120 000 000	24 000 000 000	4,80000
300	40 000 000	12 000 000 000	2,40000
500	3 000 000	1 500 000 000	0,30000
750	1 500 000	1 125 000 000	0,22500
1 250	6 000 000	7 500 000 000	1,50000
1 500	1 500 000	2 250 000 000	0,45000
2 500	4 000 000	10 000 000 000	2,00000
4 000	1 000 000	4 000 000 000	0,80000
5 000	2 500 000	12 500 000 000	2,50000
6 000	10 000 000	60 000 000 000	12,00000
8 000	4 000 000	32 000 000 000	6,40000
10 000	2 000 000	20 000 000 000	4,00000
12 000	4 000 000	48 000 000 000	9,60000
15 000	5 400 000	81 000 000 000	16,20000
25 000	500 000	12 500 000 000	2,50000
50 000	2	100 000	0,00002
150 000	2	300 000	0,00006
250 000	2	500 000	0,00010
БАРЛЫҒЫ	**947 882 006**	**400 000 000 000**	

4 - Серия

Билет құны,KZT	100
Шығарылған билеттер саны	10 000 000 000
Шығарылған билеттердің құны, KZT	1 000 000 000 000
ЖҚ, %	80
ЖҚ мөлшері, KZT	800 000 000 000

Номинал выигрыша, KZT	Кол-во выигрышей	Призовой фонд, KZT	ПФ, % от выручки
100	272 482 000	27 248 200 000	2,72482
200	250 000 000	50 000 000 000	5,00000
300	220 000 000	66 000 000 000	6,60000
400	120 000 000	48 000 000 000	4,80000
600	40 000 000	24 000 000 000	2,40000
1 000	3 000 000	3 000 000 000	0,30000
1 500	1 500 000	2 250 000 000	0,22500
2 500	6 000 000	15 000 000 000	1,50000
3 000	1 500 000	4 500 000 000	0,45000
5 000	4 000 000	20 000 000 000	2,00000
8 000	1 000 000	8 000 000 000	0,80000
10 000	2 500 000	25 000 000 000	2,50000
12 000	10 000 000	120 000 000 000	12,00000
16 000	4 000 000	64 000 000 000	6,40000
20 000	2 000 000	40 000 000 000	4,00000
24 000	4 000 000	96 000 000 000	9,60000
30 000	5 400 000	162 000 000 000	16,20000
50 000	500 000	25 000 000 000	2,50000
100 000	2	200 000	0,00002
300 000	2	600 000	0,00006
500 000	2	1 000 000	0,00010
БАРЛЫҒЫ	**947 882 006**	**800 000 000 000**	

5 - Серия

Билет құны,KZT	250
Шығарылған билеттер саны	10 000 000 000
Шығарылған билеттердің құны, KZT	2 500 000 000 000
ЖҚ, %	80
ЖҚ мөлшері, KZT	2 000 000 000 000

Номинал выигрыша, KZT	Кол-во выигрышей	Призовой фонд, KZT	ПФ, % от выручки
250	272 482 000	68 120 500 000	2,72482
500	250 000 000	125 000 000 000	5,00000
750	220 000 000	165 000 000 000	6,60000
1 000	120 000 000	120 000 000 000	4,80000
1 500	40 000 000	60 000 000 000	2,40000
2 500	3 000 000	7 500 000 000	0,30000
3 750	1 500 000	5 625 000 000	0,22500
6 250	6 000 000	37 500 000 000	1,50000
7 500	1 500 000	11 250 000 000	0,45000
12 500	4 000 000	50 000 000 000	2,00000
20 000	1 000 000	20 000 000 000	0,80000
25 000	2 500 000	62 500 000 000	2,50000
30 000	10 000 000	300 000 000 000	12,00000
40 000	4 000 000	160 000 000 000	6,40000
50 000	2 000 000	100 000 000 000	4,00000
60 000	4 000 000	240 000 000 000	9,60000
75 000	5 400 000	405 000 000 000	16,20000
125 000	500 000	62 500 000 000	2,50000
250 000	2	500 000	0,00002
750 000	2	1 500 000	0,00006
1 250 000	2	2 500 000	0,00010
БАРЛЫҒЫ	**947 882 006**	**2 000 000 000 000**	

6 - Серия

Билет құны,KZT	500
Шығарылған билеттер саны	10 000 000 000
Шығарылған билеттердің құны, KZT	5 000 000 000 000
ЖҚ, %	80
ЖҚ мөлшері, KZT	4 000 000 000 000

Номинал выигрыша, KZT	Кол-во выигрышей	Призовой фонд, KZT	ПФ, % от выручки
500	272 482 000	136 241 000 000	2,72482
1 000	250 000 000	250 000 000 000	5,00000
1 500	220 000 000	330 000 000 000	6,60000
2 000	120 000 000	240 000 000 000	4,80000
3 000	40 000 000	120 000 000 000	2,40000
5 000	3 000 000	15 000 000 000	0,30000
7 500	1 500 000	11 250 000 000	0,22500
12 500	6 000 000	75 000 000 000	1,50000
15 000	1 500 000	22 500 000 000	0,45000
25 000	4 000 000	100 000 000 000	2,00000
40 000	1 000 000	40 000 000 000	0,80000
50 000	2 500 000	125 000 000 000	2,50000
60 000	10 000 000	600 000 000 000	12,00000
80 000	4 000 000	320 000 000 000	6,40000
100 000	2 000 000	200 000 000 000	4,00000
120 000	4 000 000	480 000 000 000	9,60000
150 000	5 400 000	810 000 000 000	16,20000
250 000	500 000	125 000 000 000	2,50000
500 000	2	1 000 000	0,00002
1 500 000	2	3 000 000	0,00006
2 500 000	2	5 000 000	0,00010
БАРЛЫҒЫ	**947 882 006**	**4 000 000 000 000**	

7 - Серия

Билет құны,KZT	1000
Шығарылған билеттер саны	10 000 000 000
Шығарылған билеттердің құны, KZT	10 000 000 000 000
ЖҚ, %	80
ЖҚ мөлшері, KZT	8 000 000 000 000

Номинал выигрыша, KZT	Кол-во выигрышей	Призовой фонд, KZT	ПФ, % от выручки
1 000	272 482 000	272 482 000 000	2,72482
2 000	250 000 000	500 000 000 000	5,00000
3 000	220 000 000	660 000 000 000	6,60000
4 000	120 000 000	480 000 000 000	4,80000
6 000	40 000 000	240 000 000 000	2,40000
10 000	3 000 000	30 000 000 000	0,30000
15 000	1 500 000	22 500 000 000	0,22500
25 000	6 000 000	150 000 000 000	1,50000
30 000	1 500 000	45 000 000 000	0,45000
50 000	4 000 000	200 000 000 000	2,00000
80 000	1 000 000	80 000 000 000	0,80000
100 000	2 500 000	250 000 000 000	2,50000
120 000	10 000 000	1 200 000 000 000	12,00000
160 000	4 000 000	640 000 000 000	6,40000
200 000	2 000 000	400 000 000 000	4,00000
240 000	4 000 000	960 000 000 000	9,60000
300 000	5 400 000	1 620 000 000 000	16,20000
500 000	500 000	250 000 000 000	2,50000
1 000 000	2	2 000 000	0,00002
3 000 000	2	6 000 000	0,00006
5 000 000	2	10 000 000	0,00010
БАРЛЫҒЫ	**947 882 006**	**8 000 000 000 000**	

№2 Қосымша

Медиа-іс-шаралар өткізу туралы №_____ шарт

Алматы қ.

«Сәтті Жұлдыз» АҚ, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 10 ақпандағы №48 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында лотерея операторы болып табылатын, бұдан әрі «Лотерея операторы» деп аталатын, бір жағынан, Жарғы негізінде әрекет ететін президент Лыткина М.В. және азамат(ша)

_____

бұдан әрі «Лотереяға қатысушы» деп аталатын, _____

лотереясында жеңімпаз деп танылған лотереяға қатысушы, өз атынан және өз еркімен әрекет ететін, екінші жағынан, бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, төмендегілер туралы медиа-іс-шаралар өткізу туралы осы шартты (бұдан әрі – «Шарт») жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. Лотереяға қатысушы Лотерея операторымен келісілген күні мен уақытында медиа-іс-шараларға (оның ішінде БАҚ өкілдерімен баспасөз мәслихатын, фото және видео түсірілімді қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) қатысуға міндеттенеді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Лотерея операторының құқықтары мен міндеттері:

2.1.1. Лотереяға қатысушы туралы мәліметтерді, оның фото және видео түсірілімдерін БАҚ-та және/немесе Интернет желісінде, оның ішінде Лотерея операторының интернет-ресурсында жариялау.

2.2. Лотереяға қатысушының құқықтары мен міндеттері:

2.2.1. Лотерея операторымен келісілген медиа-іс-шараларға (оның ішінде БАҚ өкілдерімен баспасөз мәслихатын, фото және видео түсірілімді қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сондай-ақ өткізу күні мен уақытына қатысу.

2.2.2. Лотерея операторымен келісілген медиа-іс-шараларды өткізу күні мен уақытын ауыстырмау және/немесе болдырмау.

3. Тараптардың жауапкершілігі

3.1. Тараптар осы Шарт бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

3.2. Лотереяға қатысушының осы Шарттың 2.2.3-тармағында көрсетілген міндеттемесін бұзған жағдайда, Лотерея операторы Лотереяға қатысушыдан медиа-іс-шараларды (оның ішінде БАҚ өкілдерімен баспасөз мәслихатын, фото және видео түсірілімді қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) өткізуге кеткен шығындардың толық құнын өндіріп алу құқығын өзінде қалдырады.

3.3. Осы Шарттың талаптарын орындау кезінде Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер міндетті сотқа дейінгі реттеу жолымен шешіледі.

3.4. Егер Тараптар өзара туындаған келіспеушіліктерді келіссөздер жолымен немесе 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде шағымдар ұсыну арқылы реттей алмаса, дау Лотерея операторы орналасқан

жерде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі (шарттық сот терелігі).

4. Басқа да шарттар

4.1. Осы шарт тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.
4.2. Осы шарт бірдей заңды күші бар қазақ тіліндегі 2 (екі) данада жасалды, әр тарапқа бір данадан.

5. Тараптардың заңды мекенжайлары мен деректемелері

Лотерея операторы:
«Сәтті Жұлдыз» АҚ
050002, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Медеу ауданы,
Жибек Жолы көшесі, 50, 2 корпус
БСН 160440002507;
ЖСК KZ866010131000305888 (KZT)
«Қазақстан Халық банкі» АҚ-да;
БСК HSBKKZKX;
КБе 17

Президент _____Лыткина М.В.

Лотереяға қатысушы:

_____
_____
_____
_____
_____

Тіркелген мекенжайы:

_____
_____
_____

_____
Аты-жөні қолы